

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институты

Қазақ тілі кафедрасы



Г.Т. Тұрсынова  
Г.Д. Рыскелдиева

## **МОРФОЛОГИЯ ТАРАУЫНА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР**

(Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін)

Алматы 2012

**ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР: Г.Т.Тұрсынова, Г.Д.Рыскелдиева.** Морфология тарауына қатысты тапсырмалар (Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін). – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. 80 б.

Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттеріне арналған морфология тарауына қатысты тапсырмалар Мемлекеттік стандарттың кәсіби мамандандырылған талаптарына сай құрастырылған. Әдістемелік нұсқауда қазақ тілі грамматикасының негізгі салалары мен бағдарламаға сәйкестендірілген нұсқалық, тестік тапсырмалар қамтылған.

Әдебиеттер тізімі – 44 атау.

Пікір жазған – фил.ғыл.канд., профессор Ұ.Р.Шүленбаева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы бекіткен Типтік оқу бағдарламасына сай басылды.

Құрама жоспар 2012

Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы,  
Рыскелдиева Гүлдария Дәулетқазықызы

## **МОРФОЛОГИЯ ТАРАУЫНА ҚАТЫСТЫ ТАПСЫРМАЛАР**

(Қашықтықтан білім беру институты бойынша оқитын студенттер үшін)

Редакторы

Жақсыбаева Т.

БЕКІТІЛГЕН – Ақжан Машани атындағы Базалық білім беру институтының ҒӘК  
төрағасы Р.Ш.Бердібаев 24.04. 2012 ж.

КЕЛІСІЛГЕН – Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Г.Т.Тұрсынова 21.02.2012ж.

Басуға қол қойылды \_\_\_\_\_ 2012ж.

Таралымы \_\_\_\_\_ дана. Пішімі 60x84. №1 баспаханалық қағаз.

Тапсырыс № \_\_\_\_\_ Көлемі \_\_\_\_\_ оқу-баспа табақ. Бағасы келісімді.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің басылымы  
ҚазҰТУ-дың Ғылыми-техникалық баспа орталығы,  
Алматы қ., Ладыгин көшесі, 32.

## КІРІСПЕ

Тілден биік асқар жоқ,  
тілден асқан байлық жоқ,  
тілден терең теңіз жоқ.

*Ғ. Мүсірепов*

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, әлемдік білім кеңістігіне енуі – қашықтықтан оқыту жүйесіне мүмкіндік туғызып отыр. Осыған орай республикамызда орта, арнаулы, жоғары оқу орындарында оқытуды жаңа технологияға көшіру, модульді оқыту кең түрде қолдану жолға қойылды. Сондай-ақ, «Қазақ тілі» пәні бойынша барлық мамандықтағы сырттай оқитын студенттерге қашықтықтан білім беру жүйесі іске асырылуда.

Әдістемелік нұсқау студенттерге күнделікті қоғамдық-әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік қатынаста қолдануға қажет білім, білік, дағдыны меңгертуге бағытталған. Еліміздің түкпір-түкпірінде техника саласы бойынша маманданып жүрген өзге ұлт студенттерін қазақ тілі пәні бойынша білімдерін шыңдауға арналған. Әдістемелік нұсқауда қазақ тілі бойынша теориялық мәліметтер, нұсқалық тапсырмалар, грамматика бойынша тірек сөзбалар, оларды пысықтауға арналған тапсырмалар, білім тексеру тесттері жүйеленіп берілген.

Әдістемелік нұсқаудың жалпы мақсаты – техникалық жоғары оқу орны студенттеріне мемлекеттік тілдің грамматикалық қырларын қашықтықтан меңгерту. Тілді қатысымдық тұрғыда меңгеру – олардың өздерінің сөздік қорын тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық-әлеуметтік салада және оқу үрдісінде еркін пайдаланып, сауатты жаза білуінде көрініс береді.

Қашықтықтан оқу студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Оқытудың өзі, нәтижеге бағытталған білім беру болғандықтан, әдістемелік нұсқау мазмұнында оқыта үйретуге байланысты тапсырмалар, практикалық жаттығулар, тест сұрақтары берілген.

Қашықтықтан оқыту үшін оқытудың жалпы дидактикалық бес әдісін қолдануға болады: *ақпараттық-іздену, репродуктивті, мәселелік мазмұндау, эвристикалық, зерттеу*. Әдістемелік нұсқауда осы әдістердің барлығына, соның ішінде деңгейлеп оқытуға негізделген коммуникативтік бағдарлап үйрету әдісіне кұрылды. Бұл студенттің оқу және сөйлеу дағдыларын дамытуды мақсат етеді.

## Морфология

### Көптік жалғаулары

«**Флексия**» – сөздің мағынасын өзгерте алмайтын, көмекші мағына беретін көмекші морфема болып саналады. **Морфема дегеніміз** – гректің **форма** деген сөзінен алынған термин. **Флексия** – сөйлемдегі сөздердің өзара синтаксистік қатынасын білдіреді, екінші сөзбен айтқанда жалғаулар – сөз бен сөзді байланыстыратын постфикстер. Флексия сөздердің формасын өзгертіп, оған грамматикалық мағына үстейді. Лингвистикада жалғауды «флексия» дейді. (Ә.Хасенов)

Сөзге грамматикалық мағына үстейтін сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны - **жалғау** дейміз. Қазақ тілінде **септік, көптік, тәуелдік, жіктік** жалғаулары (флексия) бар.

Көптік жалғау сөзге көптік мағына береді. Көптік категориясы тілімізде **үш түрлі жолмен** беріледі: 1. **Лексикалық тәсіл** – көптік ұғымды жеке сөздің тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіреді (*ұн, жүн, сүт, мақта, шөп, су, құм, тұз, қымыз, шұбат, т.б.*). 2. **Синтаксистік тәсіл** – көптік мағынаны сөз тіркестері арқылы білдіреді (*оңшақты жігіт, мыңдаған кітап, үш қыз, сегіз кісі, мыңдаған кітап, қыруар еңбек*). 3. **Морфологиялық тәсілде** – көптік ұғымдар жеке сөзге тиісті қосымшалардың қосылуы арқылы жасалады (*- лар, - лер, - дар, - дер, - тар, - тер*), көптік жалғаулары сөзге жалғанып көптік мағына тудырады (*оқушы + лар, терезе + лер, есік + тер, құс + тар, қала + лар, қаз + дар, әйел + дер, орындық + тар*).

### Жіктік жалғаулары

**Жіктік жалғауы** – қимыл иесінің кім екенін білдіру үшін қолданылатын қосымша. Ол басқа қосымшалар сияқты сөз бен сөзді байланыстырып, қарым-қатынасқа келтіріп тұрады. Жіктік жалғауы жалғанған сөз үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалып, бастауышпен жақтық, шақтық жағынан қиыса байланысады. Сөздерге жіктік жалғауы жалғануын – сөздің жіктелуі дейміз.

Егер сөздің соңғы дыбысы дауыстыға және үнді **л, р, й, у** дыбыстарына аяқталса, онда **-мын, -мін** (жекеше), **-мыз, -міз** (көпше) жалғаулары жалғанады.

Мысалы: *Мен Алтынай-мын, Абзал-мын, отыр-мын, сау-мын, ана-мын.*

Егер сөздің соңғы дыбысы **б, в, г, д** дыбыстарынан басқа ұяң дыбыстарға аяқталса, онда **-бын, -бін** (жекеше), **-быз, -біз** (көпше) жалғанады.

Мысалы: *Мен сарбаз-бын. Әзиз-бін. Біз егіз-біз. Біз мәз-біз.*

Егер сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыздарға және **б, в, г, д** ұяң дыбыстарына бітсе, онда **-пын, -пін** (жекеше), **-пыз, -піз** (көпше) жалғанады.

Мысалы: *Мен қонақ-пын, филолог-пын.*

Көптік мағынаны білдіру үшін **-сың, -сің** және **-сыз, -сіз** жіктік жалғауларынан кейін көптік жалғаулары жалғанады.

Мысалы: *Сендер жігітсің-дер.*

Сөздің соңғы дыбысы жекеше II жақта қандай дыбысқа аяқталса да, **-сың, -сің, -сыз, -сіз, -сыңдар, -сіңдер** жалғаулары жалғанады. М.: *инженерсің, мұнайшысың, ұшқышысың.* III жақта жіктік жалғауы болмайды. М.: *Ол отыр, ол студент, олар оқушы.*

### Септік жалғаулары

Септік жалғаулары арқылы есімдер сөйлемдегі етістіктермен де, шылау сөздермен де, есімдермен де жалғасып, әр алуан қарым-қатынасқа түседі. Сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен жалғастырып, септестіріп тұратын қосымшаларды – **септік жалғаулары** дейміз.

Қазақ тілінде 7 септік бар. Септік жалғаулары – зат есімдердің мағыналарын түрлендіріп, оларды басқа сөздермен байланыстыратын қосымшалар.

Септік жалғаулары		
Атаулары	Сұраулары	Жалғаулары
Атау (имен. падеж)	кім? (кто?), не? (что?)	
Ілік (родит. падеж)	кімнің? ненің? (чей? чья? чье? кого? чего?)	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің
Барыс (дательно-направительный падеж)	кімге? неге? қайда? (кому? чему, зачем? куда?)	-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не
Табыс (винит. падеж)	кімді? нені? (кого? что?)	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н
Жатыс (местный падеж)	кімде? неде? қайда? қашан? (у кого? на чем? где? когда?)	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде
Шағыс (исходный падеж)	кімнен? неден? қайдан? (от кого? от чего? откуда?)	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен
Көмектес (твор.-соед. падеж)	кіммен? немен? қалай? (с кем? с чем? как?)	-мен (менен), -бен (бенен), -пен (пенен)

### Тәуелдік категориясы

Бұл грамматикалық категория орыс тілінде жоқ, тәуелдік мағына негізінен тәуелдік есімдігі арқылы беріледі: *моя книга, твой дом.*

Заттың бір адамға, көп адамға меншіктілігін білдіретін тілдің арнайы грамматикалық тәуелдік категориясы бар.

Тәуелдік категориясының мағынасы, жұрнақ және тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі:

1. Тәуелдік мағына **-нікі, -дікі, -мікі** жұрнақтар арқылы беріледі, жұрнақ меншікті заттың иесін білдіретін сөзге жалғанады М.: *шеге менікі, қуыршақ сенік, і т.б.*

2. Тәуелдік мағына тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі. Тәуелдік жалғауы 3-жақта, анайы, сыпайы түрде, жекеше, көпш түрде қолданады.

Тәуелдік жалғау бір заттың екінші бір затқа немесе біреуге (адамға) тәуелді, меншікті екенін білдіреді. Тәуелденетін сөз үш жақтың біріне тәуелдене, меншіктене айтылады. Тәуелдік жалғау өзі жалғанған сөзді ілік септік жалғаулы сөзбен байланыстырып тұрады.

Меншіктік форма (тәуелдену ұғымын) тудыратын - **нікі, -дікі, -мікі** жұрнақтары ілік септігінің **-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің** жалғауларының және **-қы, -кі, -ғы, -гі** жұрнақтарының бірігуінен пайда болған. Тәуелдік жұрнақтардың басқа жұрнақтардан ерекшелігі – жуан формасы болмайды. Мысалы: *ме-нікі, се-нікі, сендер-дікі, олар-дікі, кі-тапхана-нікі т.б.*

Притяжательная форма образуется путем присоединения к именным основам суффиксов: - **нікі, -дікі, -мікі**. Суффиксы притяжательной формы в отличие от других суффиксов не имеют твердого варианта.

### Тәуелдік екі түрлі болады:

#### 1. Оңаша тәуелдену; 2. Ортақ тәуелдену.

1. Бір не көп заттың жеке адамға меншіктелуі – **оңаша тәуелдену** деп аталады: Менің кітабым, менің кітаптарым, оның қобызы, оның қобыздары.

2. Бір не көп заттың көп адамға меншіктелуі **ортақ тәуелдену** деп аталады: Біздің үйіміз, біздің мүліктеріміз, олардың саяжайлары.

### Зат есім

Зат есім – заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы. Сұрақтары: кім? не? кімдер? нелер?

Зат есім тұлғасына қарай 2-ге бөлінеді:

Негізгі зат есім – бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім. Мысалы: ел, от, жер.

Туынды зат есім – зат есімге және басқа да сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған зат есім. Мысалы, балалық, айтыс, қойшы, жерлес.

Зат есім құрамына қарай 2-ге бөлінеді:

Дара зат есім – бір ғана түбірден тұрады. Мысалы, ас, апа, жент.

Күрделі зат есім – кемінде екі сөзден тұрады. Мысалы, тамыр-таныс, күнбағыс.

Зат есім жалпылай және жекелей атауына қарай 2-ге бөлінеді:

Жалпы есім – біртектес заттардың жалпы атауы. Мысалы, адам, дала, үй.

Жалқы есім – біртектес заттардың өз ішіндегі жекелеген атауы.

Құрманғазы, Ақсу, Алматы.

Зат есім мағынасына қарай 2-ге бөлінеді:



Деректі зат есім – көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат пен құбылыстың атауы. Мысалы, ағаш, қалам, су, сия.

Дерексіз зат есім – оймен, ақылмен сезіп білетін ұғымдардың атауы. Мысалы, үміт, шындық, қасірет.

### Сын есім

**Сын есім дегеніміз** – заттың сын-сипатын, сапасын, түр-түсін, мөлшерін, көлемін білдіретін сөз табы.

Имя прилагательное – это часть речи, которое обозначает признаки, качества, свойства, цвет, объем, форму предмета.

Сын есім қандай? (какой?), қай? (который?) деген сұрақтарға жауап береді.

**Сын есім мағынасына қарай** (по значению) 2-ге бөлінеді:

**Қатыстық сын есімдер** (относительные прилагательные).

**Сапалық сын есімдер** (качественные прилагательные).

**Қатыстық сын есімдер** – бір зат пен екінші заттың қатысын, байланысын білдіреді.

**Қатыстық сын есім** – выражает признаки, приписываемые предметам, отношение одного предмета к другому по принадлежности, местонахождению, времени и т.д.

Мысалы: *шөпті жер* – шөп мол шығатын жер, *түнгі жел* – түнде соғып тұратын жел, *қысқы сессия* – қысқы уақытта өткізілетін сессия, *жазғы демалыс* – жазда болатын демалыс күні, *таулы алқап* – тауы көп жер, *тұзды тамақ* – тұзы көп салынған тамақ, *ақшалы адам* – ақшасы көп адам, *түскі ас* – түс кезінде ішілетін ас, *қысқы аяз* – қыс мезгілінде болатын аязды күндер, т.б.

Қатыстық сын есімдер сөздің түбіріне төмендегі жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады:

1. **-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, ті** – бір заттың екінші затқа қатысын көрсетеді (указывает на отношение одного предмета к другому). М.: *Әдеп+ті қыз екен*.

2. **-дай, -дей, -тай, -тей** – бір заттың екінші затқа қатысты сапасын көрсетеді (указывает на качество предмета относительно другого предмета). М.: *кісі+дей, сұт+тей, ине+дей*.

3. **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** – қоғамға, саясатқа, өнерге қатысын көрсетеді (указывает на отношение к обществу, к искусству, к политике). Мысалы: *орта+лық, қоғам+дық, жолдас+тық*.

4. **-сыз, -сіз** – болымсыз сын есімдер (отрицательные прилагательные). М: *білім+сіз, ақыл+сыз, су+сыз*.

5. **-қы, -кі, -ғы, -гі** – мезгіл, уақыт және кеңістікке қатысты сын есімдер (отношения времени и пространства). М.: *тәр+гі үй, жа+зғы жауын*.

### Сапалық сын есімдер

**Сапалық сын есімдер** заттың түсін, түрін, көлемін, аумағын, салмағын, сипаты мен сапасын, дәмін, көлемін, т.б. білдіреді.

**Сапалық (качественные) сын есімдер** обозначают качество, свойство, цвет, объем, величину, характер, вкус, форму предмета и т.д.

Түрлері (Типы)	Мысалдар (Примеры)
а) түрі мен түсі (качество, признак цвета)	а) ақ – белый, қызыл – красный, сары – желтый, күлгін – фиолетивый жасыл – зеленый, көк – синий, сұр – серый, көгілдір – голубой, күрең – бордовый.
ә) сын-сипаты (характер и свойство)	ә) жақсы – хороший, сұлу – красивый, жалқау – ленивый, жуас – тихий, смиренный, әлсіз – слабый, қатты – твердый, семіз – жирный, арық – худой.
б) көлемі мен аумағы (объем, величина, размер)	б) үлкен – большой, кең – широкий, тар – узкий, биік – высокий, жуан – толстый, жіңішке – тонкий, кішкене – маленький, аласа – низкий.
в) дәмі мен иісі (вкус)	в) ащы – горький, тұщы – пресный, тәтті – сладкий, дәмді – вкусный, қышқыл – кислый, тұзды – соленый.
г) пішіні, түрі, формасы (форма)	г) қырлы – граненый, түзу – прямой, қисық – кривой, дөңгелек – овальный, круглый, сопақ – продолговатый, жұмыр – шарообразный, жалпақ – плоский.

### Сын есімнің шырайлары

#### Жай шырай

Жай шырай формасы шырайлардың басқа түрлерін мағына жағынан да, форма жағынан да салғастыратын негізгі форма болып саналады.

**Мысалы:** *жеміс, сары, жасыл.*

#### Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай дегеніміз – бір заттың сынына екінші бір заттың сынын салыстырып, сол салыстырылатын түстердің я белгілерінің бір-бірінен сәл артық екенін білдіретін шырайдың түрі.

**Салыстырмалы шырай тудыратын жұрнақтар:**

1. **-рақ, -рек, -ырақ, -ірек:** *биігірек, аласарақ.*

2. **-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу:** *жалқаулау.*

3. **-қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -аң:** *бозғыл, сұрғылт, көкшіл, қоңырқай, ақшыл.*

#### Күшейтпелі шырай

**Күшейтпелі шырай** дегеніміз – заттың бастапқы сындық сапасын

күшейте түсетін шырай. Мысалы: жап-жасыл, әп-әдемі, ұп-ұзын, қып-қызыл.

### Асырмалы шырай

**Асырмалы шырай** – заттың сынын асыра көтеріп, не тұқырта төмендетіп көрсетеді. Бұл шырай сын есімнің алдынан келіп, күшейткіш демеуліктердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: тіпті аласа, орасан зор, тым кішкене, өте жақсы, аса үлкен, ең қадірлі, өте төмен, т.б.

**Превосходная степень** выражает большую или меньшую меру признака предмете, но без сравнения. Она образуется с помощью усилительных наречий.

**Усилительная степень** указывает на высшую степень признака в одном предмете в сравнении с другим предметом. Он образуется с помощью усилительного слога.

### Сан есім

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөз табын – *сан есім* деп атайды.

Имя числительное – это часть речи, обозначающее число, количество и порядок следования предметов и отвечающее на вопросы қанша? неше? нешеу? (сколько?), нешінші (который по счету?).

**Сан есім** лексика-грамматикалық мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді. Олар:

- Топтау сан есімдер (Группирующие);
- Реттік сан есімдер (Порядковые);
- Жинақтық сан есімдер (Собирательные);
- Есептік сан есімдер (Количественные);
- Болжалдық сан есімдер (Приблизительные);
- Бөлшектік сан есімдер (Дробные).

**Топтау сан есімдер** – заттың мөлшерін топтап көрсетеді. Бір санның қайталануы арқылы жасалады. Бірінші компоненті есептік сан есім болады да, екінші компонентіне шығыс септігінің жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: екі-екіден (по двое), үш-үштен (по трое), Нешеден? қаншадан? (по сколько?) деген сұрақтарға жауап береді.

**Реттік сан есімдер** – есептік сандарға **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалынады да нешінші? қай? (который?) деген сұрақтарға жауап береді. М.: *Сен қай қатарда отырсың? Мен 9-шы қатарда отырмын.*

**Жинақтық сан есімдер** – бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге **-ау, -еу** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады (біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу). Нешеу? деген сұраққа жауап береді. М.: *Алтау ала болса ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер.*

## Есептік, болжалдық, бөлшектік сан есімдер

**Есептік сан есімдер** – заттың сандық мөлшерін білдіреді де, қанша? неше? (сколько?) деген сұрақтарға жауап береді. *М.: үш, төрт, алты, елу, алпыс, бес мың, тоғыз мың т.б.*

**Болжалдық сан есімдер** – белгілі бір заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін дәл атамай, болжап, шамамен көрсетеді. Олар 3 жолмен жасалады:

1. **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақтарының жалғануы арқылы. *М.: Кеше бізге қырықтай адам келді зой.*

2. **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер** көптік жалғауларының жалғануы арқылы жасалады. *М.: Ақтан жиырма бестерде. Дүкен бестерде жабылады.*

3. Екі есептік сан есімнің қосарлануы арқылы жасалады. *М.: үш-төрт (три-четыре).*

**Бөлшектік сан есімдер** – негізінде таза математикалық ұғымға байланысты туған сөздер. Олар белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді. *М.: Жер бетінің 1/3-сін құрылық, ал 2/3-сін су алып жатыр.* Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімге шығыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады. *М.: 1/5 (бестен бір), 2/10 (оннан екі), т.б.*

## Есімдік (местоимения)

Қарамен жазылған сөздерге назар аударындар, олардың қызметін түсіндіріңдер. Оларға сұрақ қойындар.

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай). Ол саған хат жазбайды. Сен кімсің өзің?*

Қарамен жазылған сөздер есімдіктер деп аталады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек нұсқап, меңзеп, көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Мысалы: Бірінші сөйлемдегі Талғаттың есімін екінші сөйлемде ол есімдігі ауыстырып тұр. Үшінші сөйлемдегі баяндаушы адам мен Талғаттың есімдерін тағы да **мен, оған** есімдіктері алмастырып отыр. Төртінші сөйлемде зат есімнің орныны **кім** есімдігі басқан.

Зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретін **есімдіктер** кейде **орынбасар сөздер** деп аталады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді:

1. **Жіктеу есімдігі:** мен, сен, сендер, сіз, сіздер, ол, олар, біз, біздер.

2. **Сілтеу есімдігі:** ол, сол, бұл, осы, ана, анау, сонау, сона, эне, міне, энеки, мінеки.

3. **Сұрау есімдігі:** кім? не? қалай? қашан? қандай? т.б.

4. **Өздік есімдігі:** өз, өзім, өздері, өзіміз, өзінен, өзімнің, өздеріңіз.

5. **Жалпылау есімдігі:** бар, барша, барлық, бәрі, күллі, бүтін, тегіс, түгел, (тамам, дүйім, мұқым, әмбе).

6. *Болымсыздық есімдігі*: ештеңе, ештеме, дәнеңе, дәнеме, ешкім, ешқашан, түк, дым.

7. *Белгісіздік есімдігі*: әр, қай, бір, біреу, әлде, кей (әркім, қайбір, әлдебіреу, әлдебір).

### Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдігі – сілтеу, нұсқау, көрсету мағынасын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне: *бұл, сол, ол, осы, сона, ана, анау, мына, мынау, сонау, осынау, әне, міне* деген сөздер жатады. Сұрауы: қай? қайсы?

### Сұрау есімдіктері

Сұрау мағынасын тудыратын негізгі есімдіктер: *кім? не? неше? нешінші? нешеу? қай? қандай? қалай? қашан? қанша?* Сұрау есімдігі септеліп қолданылады.

### Өздік есімдіктері

Өздік есімдігіне *өз* деген есімдік, оның тәуелденген түрлері жатады: *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өздерің, өздеріңіз, өздері*.

### Болымсыздық есімдіктері

Болымсыздық мағынаны білдіретін есімдіктің түрі – *болымсыздық есімдік* деп аталады. Болымсыздық есімдіктерге *еш* деген тілдік нұсқа арқылы сұрау есімдіктерінен және басқа да сөздерден жасалған есімдіктер жатады: *ешкім, ештеме, ешқашан, ешқайда, ешқайдан, ешқайсысы, ешбір, дәнеңе, дәнеме*.

### Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері жалпылау мағынасын білдіреді. Жалпылау есімдіктеріне: *бәрі, бар, барлық, күллі, бүкіл, барша, түгел* деген сөздер жатады.

### Етістік

Заттың қимылын, іс-әрекетін, жай-күйін білдіретін сөз табын – **етістік** деп атаймыз.

**Етістік** – знаменательная часть речи, которая обозначает действие, состояние лица или предмета.

**Етістік (глагол)** – это часть речи, которая грамматически выражает значение действия в формах лица (*жазамын – я буду писать, жазасың – ты будешь писать*), времени (*бардым – я ходил, барамын – я пойду*) и отвечает на вопросы не істеді? (что сделал?), не істемек? (что будет делать?), не қылды?

(что сделал?).

Тұлғасына қарай (по способу образования) етістіктер: 1) **негізгі** (*непроизводные*): оқы (читай), ал (бери), жаз (пиши), жүр (пошли); 2) **туынды** (*производные*); ой+на (играй), ой+ла (думай), тұз+да (соли), гүл+де (цвети) болып екіге бөлінеді.

**Негізгі етістіктер** деп әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бір морфемадан тұрып, қимыл мағынасын білдіретін етістіктерді айтады. М.: кел, кет, айт, бөл, же, өт, жүр, күл, бар, т.б.

**Туынды етістіктер** деп түбір етістіктен және басқа сөз табынан сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған, ең кемі екі морфемадан тұратын етістіктерді айтады. М.: ем-де, үтік-те, кілт-те, әдет-тен, көмектес, т.б.

### Етістік тудыратын жұрнақтар

Жұрнақтар (суффиксы)	Мысалдар (примеры)	
	Түбір сөздер	Туынды сөздер
-ла, -ле, -да, -де, -та, -те	бас – голова ой – мысль тұз – соль шеге – гвоздь ем – лечение есеп – задача іс – дело	бас-та – начинай ой-ла – думай тұз-да – посоли шеге-ле – забей гвоздь ем-де – лечи есеп-те – реши іс-те – делай
-лас, -лес -дас, -дес -тас, -тес	серт – условие ақыл – ум дос – друг көмек – помощь бір – один қош – прощание	серт-тес – условься, договорись ақыл-дас – советуйся дос-тас – подружись көмек-тес – помоги бір-лес – объединяйся қош-тас – прощайся
-қар, -кер, -ғар, -гер	бас – голова ес – память су – вода тең – равное; тюк	бас-қар – возглавь ес-кер – запомни су-ғар – поливай тең-гер – приравняй
-лан, -лен	пайда – польза ашу – злоба үй – дом	пайда-лан – пользуйся ашу-лан – возмущайся үй-лен – женись
-а, -е	түн – ночь сан – число	түн-е – ночуй сан-а – считай

## Болымды және болымсыз етістіктер

Қазақ тілінде етістіктер *болымды* және *болымсыз* болып бір-біріне қарама-қарсы екі топқа бөлінеді.

**Болымды етістік.** Етістік негізгі түбірде де, туынды түбірде де қимылдың, іс-әрекеттің болуын білдіреді. Сондықтан етістік негізгі я туынды түбір күйінде болымды мәнді білдіреді. Оларды *болымды* етістік дейді. М.: *жазамын, беремін, келемін, т.б.*

**Болымсыз етістік.** Болымсыз етістіктер қимылдың, іс-әрекеттің болмауын, іске аспауын білдіреді. Болымсыз етістік негізгі, я туынды түбір етістіктерге; 1. *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* жұрнақтары жалғану арқылы; 2. белгілі шақ тұрғысындағы етістікке *жоқ, емес* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *күл-күлме, тоқы-тоқыма, ұрған-ұрған емес, сұрт-сұрткен жоқ т.б.*

## Етістіктің өткен шақ категориясы

Қимыл іс-әрекеттің өткен уақытта болғандығын көрсететін етістіктің түрін өткен шақ деп атайды. Өткен шақтың 3 түрі бар:

1. Жедел өткен шақ (очевидно-прошедшее время).
2. Бұрынғы өткен шақ (давно прошедшее время).
3. Ауыспалы өткен шақ (переходное прошедшее время).

**Жедел өткен шақ:** *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *ту+ды+м* (родился), *кет+ті+м* (ушел).

**Бұрынғы өткен шақ:** *-қан, -кен, -ған, -ген* тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: Мен *бар+ған+мын, кел+ген+сіз*;

2. Бұрынғы (ежелгі) өткен шақ; *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады. Мысалы: мен *бар+ып+пын, (сен) кел+іп+сің, (ол) оқы+п еді.*

**Ауыспалы өткен шақ:** есімшенің *-атын, -етін, -йтын, -йтін* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. *Қазір, бүгін, ертең, келесі күні* үстеулері арқылы айтылса, онда етістік келер шақта болады. Мысалы: Мен бұрын өлең *шығар+атын+мын* (өткен шақ). Ол Астанаға ертең *бар+атын еді* (келер шақ).

## Етістіктің келер шағы

Келер шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлаған кезінен кейін болатынын білдіреді. М.: Сәуле ертең келеді, әнші өлең айтады, биші би билейді, т.б.

**Келер шақтың 3 түрі бар:**

1. **Ауыспалы келер шақ** (переходное будущее время). Ауыспалы келер

шақ: а) **-а, -е, -й** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. М: *ертең кел+е+мін, кешке кет+е+сің, бүгін қайт+а+мыз, тойда жырла+й+мыз*. ә) **-атын, -етін, -йтын, -йтін**. М.: *бар+атын (екен), кел+етін сияқты, қайт+атын көрінеді*.

**2. Болжалды келер шақ** (будущее предположительное время). Қосымшалары: **-ар, -ер, -р, -с**. М: *бар+ар, кет+ер, сана+р, санама+с, білме+с т.б. Мен кел+ер+мін*.

**3. Мақсатты келер шақ** (будущее время намерения). Қосымшалары: **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек**. М: *қайт+пақ+пын, жаз+бақ+пыз*.

### Етістіктің осы шақ категориясы

Осы шақ қимылдың сөйлеушінің хабарлау кезінде болып жатқанын білдіреді. М.: *Мен тыңдап отырмын. Балалар шаңғы теуіп жүр*.

#### Осы шақтың 2 түрі бар:

1. Нақ осы шақ.
2. Ауыспалы осы шақ.
3. Нақ осы шақ қимылдың сөйлеуші хабарлап тұрғанда болып жатқанын білдіреді.

#### Нақ осы шақтың 2 түрі бар:

Дара.

Күрделі.

**Нақ осы шақтың дара түрі** *отыр, жүр, жатыр, тұр* етістіктеріне жіктік жалғауының тікелей жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Мен оқы+n отыр+мын. Сен көр+in жатыр+сың. Сіз ал+ып тұр+сыз. Сендер біл+in жүр+сіңде, біз тұр+мыз, олар отыр*.

**Нақ осы шақтың күрделі түрі** лексикалық мағыналы етістікке: **-ып, -in, -п** жұрнақтары жалғанып, **тұр, жүр, жатыр, отыр** етістіктеріне жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *мен тыңдап отыр+мын, сен оқып отыр+сың, сіз беріп тұр+сыз, сендер айтып жүр+сіңдер*.

**Ауыспалы осы шақ** қимылдың үнемі болып тұратынын білдіреді. Ауыспалы осы шақ етістіктің түбіріне **-а, -е, -й** жұрнақтары және жіктік жалғауының жалғануы арқылы жасалады.

### Етістіктің рай категориясы

Етістіктің іс-әрекетті орындаушымен, уақытпен байланысты жаққа, шаққа түрленуін *етістіктің райы* деп атайды.

Етістіктің төрт райы бар: *ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай*.

**Наклонение** – это грамматическая категория в системе глагола, обозначающая отношение действия к реальности, представление о возможности, желательности, истинности. Глагол казахского языка имеет 4 наклонения. Это:

1. Ашық рай ;



2. Бұйрық рай;
3. Шартты рай;
4. Қалау рай.

Іс-қимылдың үш жаққа да, үш шаққа да байланысты орындалатынын білдіретін райдың түрін – *ашық рай* дейді.

**Ашық рай** обозначает действие в настоящем, прошедшем и будущем времени. Нап.: Дидар жидек теріп жүр (осы шақ). Парасат кеше келді (өткен шақ). Біз ертең тауға барамыз (келер шақ).

Іс-қимылдың орындалатын немесе орындалмайтынының шартын білдіретін райдың түрін – *шартты рай* дейді.

**Шартты рай** выражает возможность и желательность действия при тех или иных условиях. Условное наклонение образуется прибавлением суффиксов **-са, -се** к основе глагола. М.: Сіз оқы-са-ңыз, біз тыңдаймыз. Ол әкел-се, біз береміз. Біз берсек ол алады.

### Қалау рай

Іс-қимылды орындаушы адамның тілегін, ынтасын білдіретін райдың түрін – *қалау рай* дейді.

Қалау рай выражает желание, намерение говорящего. Желательное наклонение образуется путем прибавления к корню или к основе глагола суффиксов **-ғы, -гі, -қы, -кі**, затем следует притяжательное окончание и вспомогательный глагол **кел** в III лице для трех времен (настоящего, прошедшего, будущего).

**Мысалы:**

Етістік	Қалау рай жасайтын жұрнақтар	Тәуелдік жалғауы	Көмекші етістік	Осы, өткен, келер шақта
жаз	-ғы, -гі, -қы, -кі	-м	кел	-іп тұр (осы шақ) -ді (өткен шақ) -еді (келер шақ)

Менің хатты оқы-ғы-м кел-іп тұр (осы шақ).

Менің оған айт-қы-м кел-ді (өткен шақ).

Менің бер-гі-м кел-еді (келер шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-іп тұр. Мне хочется пойти в кино (осы шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-ді. Мне хотелось пойти в кино (өткен шақ).

Менің киноға бар-ғы-м кел-еді. Мне захочется пойти в кино (келер шақ).

### Бұйрық рай

Іс-қимылды орындауға міндеттейтін райдың түрін – *бұйрық рай* дейді.

Бұйрық рай выражает побуждение к действию – просьбу, приказ. Повелительное наклонение образуется путем прибавления к основе окончаний, I л., ед. число: **-айын, -ейін, -йын, -йін**; I л., мн. число: **-айық, -ейік, -йық, -йік**; во II лице окончания не имеются; в III лице **-сын, -сін**.

### Етіс категориясы

*Етіс* деп қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің категориясы аталады. **Етіс бес түрге бөлінеді:** 1) *негізгі етіс (основной залог)*, 2) *ортақ етіс (совместный залог)*, 3) *өзгелік етіс (понудительный залог)*, 4) *ырықсыз етіс (страдательный залог)*, 5) *өздік етіс (возвратный залог)*.

**Негізгі етіс** – етістің түрлеріне құбылмай тұрғандағы түбір қалпы жатады. **Мысалы:** *жаз, айт, кел, бер, тыңда, сөйле, т.б.*

**Өздік етіс** – негізгі етістен **-ын, -ін, -н** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың субъектінің өзіне жасалатынын білдіретін етістің түрі – *өздік етіс* деп аталады: *жу+ын, көр+ін, сұра+н*.

**Өзгелік етіс** – негізгі етістен **-тыр, -тір, -дыр, -дір, -ыр, -ір, -т, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз** жұрнақтары жалғанып, қимылдың бөгде адам арқылы жасалуын білдіреді: *ой+нат, тік+тір, айт+қыз, бер+гіз, қой+ғыз, ек+кіз, айт+тыр, көн+дір*.

### Ортақ, ырықсыз етіс категориялары

**Ортақ етіс** (взаимно-совместный залог). Негізгі етістен **-ыс, -іс, -с** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіретін етістің түрі – *ортақ етіс* деп аталады: *жи+нас, із+дес, әке+ліс, апар+ыс*.

**Ырықсыз етіс** (страдательный залог). Негізгі етістен **-ыл, -іл, -л**, кейде түбір *л* дыбысына аяқталса, онда **-ын, -ін, -н** жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың жасаушысы белгісіз болып, қимыл өзінен-өзі жасалғандай болып көрінуін білдіретін етістің түрі – *ырықсыз етіс* деп аталады: *ыдыс жу+ыл+ды, уәде бер+іл+ді, тақта сұрт+іл+ді, хабар ал+ын+ды, жіп үр+іл+ді, түйін шеш+іл+ді*.

### Тұйық етістік

Тұйық етістік **-у** жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың атын білдіреді: *ән сал+у, еңбек ет+у, жығылып қал+у*.

Инфинитив образуется аффиксом **-у** и выражает имя действия: *қаз+у, көн+у, сөйле+у, бер+у, кет+у, аш+у*.

### Салт және сабақты етістіктер

Табыс септіктегі сөзге мағынасы сабақталып тұратын етістік – *сабақты етістік* деп аталады. Ал керісінше, табыс септіктегі сөзге мағынасы

сабақталмай, салт күйінде істің өзін, жай күйді білдіретін етістіктерді – *салт етістік* дейміз.

**Оз, оқы** деген екі етістікті алсақ, **оқы** етістігі табыс септікті талап етіп тұр: кітапты оқы, хатты оқы. Ал **оз** етістігі объектіге сабақталмай, жадағайланып салт тұр, яғни **оз** етістігіне сабақталынып тұрған объекті жоқ.

### Көсемше

Тиянақсыз тұлғада келіп, көмекші етістіктермен тіркесу арқылы күрделі етістік тудыратын етістіктің түрін *көсемше* деп атайды.

*Деепричастие*, как и причастие относится к глагольным формам. Оно обозначает второстепенные действия и служит признаком другого действия. Деепричастие отвечает на вопросы қайтіп? (каким образом?), не істеп отыр? (что делает?), не істеді? (что сделал?), не істегелі жатыр? (что собирается делать?) и т. д.

#### Көсемшенің жасалу жолдары:

1. *Ауыспалы шақ көсемше* (Деепричастие переходного времени): **-а, -е, -й** (*келме+й, сана+й, көр+е, айт+а, сыз+а, бер+е, біл+е, оқыма+й*).

2. *Өткен шақ көсемше* (Деепричастие прошедшего времени): **-ып, -іп, -п** (*көр+іп, кел+іп, оқ+ып, ойла+п, бар+ып, ал+ып, қал+ып, сөйле+п*).

3. *Келер шақ көсемше* (Деепричастие будущего времени): **-қалы, -келі, -ғалы, -гелі** (*жүгір+гелі, секір+гелі, ұрыс+қалы, күт+келі, білдір+гелі, ұзат+қалы, қу+ғалы*).

#### Есімше, оның жасалу жолдары (Причастие)

Есімдер сияқты түрленіп, сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі *есімше* деп аталады.

Ол – етістіктің ерекше түрі. Оның ерекшелігі – әрі есім (заттануында, субстантивтенуінде), әрі етістік қызметінде жұмсалуында.

Заттану дегеніміз – зат есімнің жалғауларын қабылдауы.

Есімше тұлғаларына «**емес**», «**жоқ**» сөздері тіркесіп, болымсыздық мағына беріледі: барған емес, барған жоқ, барар емес, бармақ емес, баратын емес.

Есімшелер көптеледі, тәуелденеді, жіктеледі, септеледі.

1. *Көптелуі*: Бар-ған-дар, кел-ген-дер, қайт-қан-дар, кет-кен-дер, бар-атын-дар, кел-етін-дер, сөйле-йтін-дер, ойна-йтын-дар.

2. *Тәуелденуі*:

I жақ	жазғаным	жазғанымыз
II жақ	жазғаның	жазғандарың
III жақ	жазғаныңыз	жазғандарыңыз
IV жақ	жазғаны	жазғандары


3. *Септелуі*:

А. берген	тоқитын (адам деген мағ.)
І. бергеннің	тоқитынның
Б. бергенге	тоқитынға
Т. бергенді	тоқитынды
Ж. бергенде	тоқитында
Ш. бергеннен	тоқитыннан
К. бергенмен	тоқитынмен

### Үстеу. Үстеудің түрлері

**Үстеу.** Іс-әрекет қимылдың түрлі белгісін, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын, тағы да басқа сипатын білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобын – *үстеу* деп атайды.

Үстеу мағынасына қарай 8 түрге бөлінеді.



### Сын-бейне үстеулері

Қимылдың жүзеге асу амалын білдіреді. Сұрақтары: қалай? (как?), қалайша? (каким образом?), қайтіп? (каким способом?). Әрең, ақырын, жылдам, тез, сөйтіп, емін-еркін, дереу, шапшаң, кенет, тікелей, бірге, зорға, аздап, қолма-қол, көзбе-көз, жедел.

### Мезгіл үстеулері

Қимылдың мезгілін білдіреді. Сұрақтары: қашан? (когда?), қашаннан бері? (с каких пор?).

Бүгін, былтыр, күндіз, кеше, ертең, қазір, кешке, таңертең, биыл, анда-санда, күні бойы, қыстыгүні, ала жаздай, оқта-текте.

## Күшейткіш үстеулері

Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп, не солғындатып көрсетеді. Сұрақтары: қалай? (как?), қандай? (какой?). Әбден, тым, ең, ылғи, мүлдем, нағыз, орасан, айрықша, небір, тіпті, керемет.

## Мекен, мақсат, себеп-салдар үстеулері

**Мекен:** Қимылдың болатын орны мен бағытын, мекенін білдіреді. Сұрақтары: қайда? (где? куда?), қайдан? (откуда?). *Әрі, бері, ілгері, жоғары, ішкері, төмен, алға, артқа, ішке, мұнда, сонда, тысқары, сыртта, алды-артында, тұс-тұсында.*

**Мақсат:** Қимылдың жасалу мақсатын білдіреді. Сұрақтары: не үшін? (для чего?), неге? (зачем? для чего?), не мақсатпен? (с какой целью?). *Әдейі, қасақана, көре тұра, әдейілеп, біле тұра, жорта.*

**Себеп-салдар:** Қимылдың жасалу себебін, салдарын, нәтижесін білдіреді. Сұрақтары: неліктен? (почему? отчего?), не себепті? (по какой причине?), қалай? (как?).

*Бекерге, амалсыздан, шарасыздан, құр босқа, босқа, текке, лажсыздан, жоққа, тектен-текке, әншейін, т.б.*

## Мөлшер, топтау үстеулері

**Мөлшер:** Қимылдың мөлшерін, көлемін білдіреді. Сұрақтары: қанша? (сколько?), қаншалық? (на сколько?), қаншадан? нешеден? (по сколько?). *Сонша, бірталай, недәуір, азды-көпті, мұнша, мұндайлық, біраз, негұрлым, бірден-саран, анағұрлым, азғантай, талай, онша, оншалық, соншалық, сондайлық.*

**Топтау:** Қимылдың іс-әрекетін топтап көрсетеді. Сұрақтары: қалай? (как?), қаншадан? (по сколько?). *Екеулеп, он-ондап, рет-ретімен, аз-аздап, бас-басына, жұп-жұбымен, топ-тобымен, бір-бірден, үшеулеп, көп-көптен, тең-теңімен.*

## Еліктеуіш сөздер

Еліктеу сөздер табиғаттағы әр алуан құбылыстардың дыбыстарына еліктеу немесе олардың бейнесін елестетуге байланысты туған сөздер. Оларға: *тарс(етті), сырт(етті), күмп, салп, тарс-тұрс, пыр-пыр, шырт-шырт, жалт-жұлт, сырт-сырт, сарт-сұрт, жылт-жылт, сылаң-сылаң, алақ-жұлақ, кілт, қалт, жалт-жұлт* сияқты сөздер жатады.

Еліктеу сөздер екі топқа бөлінеді. Оның бірінші тобы – *дыбыстық еліктеуіш сөздер*, екінші тобы – *бейнелеуіш еліктеуіш сөздер* деп аталады.

*Дыбыстық еліктеуіш сөздер* – айналадағы табиғат құбылыстарының

алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы: қарқ етті, тарс етті, т.б.

**Бейнелеуіш сөздер** – табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздер. Мысалы: жалп ете түсті, жалт қарады, маң-маң басты, т.б.

### Одағай

Дербес мағынасы жоқ, адамның алуан түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз табын *одағай* деп атайды.

**Мысалы:** Япырым-ау, қайда сол күндер?! Аухау-аухау деп кешкі тымық даланы басына көтерді.

Междометие – это часть речи. Междометиями называются неизменяемые слова, служащие для передачи различного рода чувств, эмоций, переживаний, боль, тоску, радость, удивление, гнев и так далее. Междометие отдельно не имеет лексического значения.

**Одағай мағынасына қарай 4 топқа бөлінеді:**

1. Көңіл-күй одағайлары;
2. Жекіру, ишарат одағайлары;
3. Шақыру одағайлары;
4. Тұрмыс-салт одағайлары.

### Көмекші есімдер

**Көмекші есімдер** негізгі есімдермен ілік септігі арқылы байланысып, заттардың кеңістіктегі орналасу қатынастарын көрсетеді. **Олар: үсті, асты, алды, арты, жаны, қасы, сырты, іші, арасы, ортасы, т.б.** Негізгі есімдер ілік септігінде, көмекші есімдер тәуелдік жалғауында келеді.

**Служебные имена**, сочетаясь с именем существительным в родительном падеже (ілік септік), образуют словосочетания, которые показывают пространственные отношения предметов. При этом служебные имена употребляются только в притяжательной форме (тәуелдік жалғау) третьего лица и принимают падежные окончания. Например:

**Арасы** – между; промежуток. Үйдің арасы (между домами).

**Асты** – под; низ. Үстелдің асты (под столом).

**Үсті** – над; верх. Жәшіктің үсті (над ящиком).

**Алды** – перед; передняя часть. Үйдің алды (перед домом).

**Арты** – за; задняя часть. Үйдің арты (за домом).

**Жаны** – рядом; возле. Үйдің жаны (рядом с домом).

**Қасы** – возле; около. Үйдің қасы (возле дома).

**Іші** – в; внутри. Үйдің іші (внутри дома).

**Сырты** – вне; за; снаружи; наружная часть. Үйдің сырты (вне дома).

**Басы** – верх. Ағаштың басы (верх дерева).

**Түбі** – у; низ. Ағаштың түбі (низ дерева).

**Ортасы** – центр; посередине. Көшенің ортасы (посередине улицы).

**Қарама-қарсы** – *напротив*. Үйге қарама-қарсы (напротив дома).

**Мысалдар:** *Үйдің іші таза (внутри комнаты (в комнате) чисто. Үйдің жанында жеңіл машина тұр (около дома стоит легковая машина). Үстелдің үстінде қалам, журнал жатыр (на столе лежат ручка и журнал). Терезенің алдында үстел тұр (перед окном стоит стол).*

## Шылау сөздер

Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып және өзі тіркескен сөзге қосымша мән үстеп тұратын *көмекші сөздер* – **шылаулар** деп аталады.

Шылау сөздер білдіретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай **септеулік шылау**, **жалғаулық шылау** және **демеулік шылау** болып үшке бөлінеді.



Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтары бар.

Шылаудың дербес лексикалық мағынасы болмайды	Олар сөйлем ішінде сөйлем мүшесі бола алмайды	Шылаулар түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды
Шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады		
Шылаулар – лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер		

## Морфология тарауына қатысты тапсырмалар

### I нұсқа

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Жол... жортқан қазына... жолығар.

2. Жамандау... қаш, жақсылық... ұрығын шаш.

3. Жаман... кеудесі... қаластыр жүк, темір... темір.... жаныш, бүк.

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Жақсы... мал бітсе, ағайын... жоғы... қарасады. Жаман... мал бітсе, көрінген.... итше таласады.

2. Бақытың... сенбе, бармағың... сен.

**3-тапсырма.** Өлеңдегі зат есімдерді тауып, әрқайсысына мағыналы сөйлем құрастырыңыздар.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым – ойлап қой –

Бес асыл іс көнсеңіз!

**4-тапсырма.** Сөйлемдегі атау тұлғада тұрған зат есімдерді септеп, тәуелденіңіздер.

Жақсы адам Ай мен Күнге тең.

**5-тапсырма.** «Техника әлемінің майталмандары» тақырыбына жалқы есімдер қатыстыра отырып, ойтолғау жазыңыздар.

**6-тапсырма.** «Театр – өмір айнасы» тақырыбына деректі, дерексіз зат есімдер қатыстыра отырып, эссе жазыңыздар.

**7-тапсырма.** *Сағат, киіз* сөздерін әрі жай септеу, әрі тәуелді септеуге қойып септеңіздер.

**8-тапсырма.** Көмектес септігіндегі сөздер қатысқан бес мақал-мәтел жазыңыздар.

**9-тапсырма.** Төмендегі нақыл сөздерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыздар.

1. Жер... сән... – егін,

Ер... сән... – білім.

2. Ата өнер... – бала... мұра.

3. Ақыл – адам көрк...

**10-тапсырма.** Сөйлемдерді аударып, жақша ішіндегі сөздердің қызметін айтыңыздар.

1- Құдықтың бетін шілік (пен) жауып, үстіне қамыс (пен) шөп үйіледі.

2- Тау (да), сай (да), бұлақ (та), тал (да) Дәрменге үн қосты.

## II нұсқа

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, жақша ішіндегі сөздердің қызметін айтыңыздар. Септік жалғауының қосымшасы болса, алдыңғы сөзбен бірге жазыңыздар.

1. Қайрат (пен) ақыл жол табар

Қашқанға (да), қуғанға.

2. Жаздың көркі енеді жыл құсы (мен),

Жайрандасып жас күлер құрбысы (мен.)

Көрден жана тұрғандай шал (мен) кемпір,

Жайрандасар өзінің тұрғысы (мен).



**2-тапсырма.** «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбына ойтолғау жазып, жіктік жалғаулы сөздердің астын сызыңыздар.

**3-тапсырма.** «Бес – асыл іс» тақырыбына ойтолғау жазып, зат есімдерді құрамына қарай талдаңыздар.

**4-тапсырма.** «Тәуелсіздік – тірегім» тақырыбына әңгіме жазып, септік жалғауларын анықтаңыздар.

**5-тапсырма.** «*Табиғат – туған анаң*» тақырыбына жіктелген зат есімдерді қатыстырып шығарма жазыңыздар.

**6-тапсырма.** Тәуелдік жалғаулы сөзді ілік жалғаулы сөзбен тіркестіріп жазыңыздар.

1. Ағаштың қу бұтақтары жапырақтан ада-күде айырылған.

2. Машина үлкен жолдың шетіне шығып, зырғытып келеді.

3. Сіздің ақылыңызды ұмытуға болмайды.

4. Олардың алған міндеттемелерін біздер де құптаймыз.

**7-тапсырма.** Төмендегі сөздерді мағыналарына қарай анықтап, оларға көптік жалғауын жалғап, сөйлем құрастырыңыздар.

Қорғасын. Темір. Елік. Құс. Қайла.

**8-тапсырма.** Ұшқыш, шахтер, инженер, сәулетші деген зат есімдерді жіктеңіздер.

**9-тапсырма.** Зат есімдерді жекеше, көпше түрде үш жақта тәуелденіңіздер.

Қол. Көз. Тіс. Студент.

**10-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Істегенің елі... жақсы, үйренгенің өзің... жақсы.

2. Ыстық... ет күйеді, ұят... бет күйеді.

### III нұсқа

**1-тапсырма.** Зат есімдерге сын есімнің жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасаңыздар.

Жауырын. Сурет. Әңгіме. Арыстан.

**2-тапсырма.** Сын есімдерді тауып, мағыналық түрлерін ажыратыңыздар.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

**3-тапсырма.** Сын есімдерге қарсы мәнді сөз жазыңыздар.

Жақсы –

Тәтті –

Жұмсақ –

Ащы –

Тасты –

Төменгі –

**4-тапсырма.** Сапалық, қатыстық сын есімдердің әрқайсысына бес мысал жазыңыздар.

**5-тапсырма.** Өлеңді жалғастырып, сын есімдерді құрамына, мағынасына қарай талдаңыздар.

«Желсіз түнде жарық ай...»

**6-тапсырма.** Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің қай сөз табынан жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Тұщы. Көкшіл. Күншіл. Асау.

Зілдей. Әсемпаз. Әзілқой.

Әуесқой. Төзімді. Ақ күмбезді.

**7-тапсырма.** Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің қай сөз табынан жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Серіппелі. Әдемі кестелі. Қара күрең. Ескі өнді. Сымбатты. Толық. Бойшаң.

**8-тапсырма.** «Әлемді сұлулық қорғайды» тақырыбына сын есімдерді қатыстыра отырып, эссе жазыңыздар.

**9-тапсырма.** «Әділетсіздік» тақырыбы аясында шағын әңгіме құрастырыңыздар. Әңгімеде сапалық, қатыстық сын есімдер кездессін.

**10-тапсырма.** Сын есімдерге мағынасы синонимдес сөздер тауып жазыңыздар.

Зерек –

Сұлу –

Айтқыш –

Ақшыл –

Жақсы –

#### IV нұсқа

**1-тапсырма.** Зат есімдерге сын есімнің жұрнақтарын жалғап, туынды сын есім жасаңыздар.

Қыс. Бой. Көрік. Тарих. Тау.

**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тауып, қатыстық сын есімдердің қай сөз табынан жасалғанын айтыңыздар.

Әрі шешен, әрі күйші, әрі әнші

Әр үйде бар, тапқышым кәне, білші.

**3-тапсырма.** Төмендегі сын есімдерді сапалық, қатыстық сын есімдерге ажыратып, сапалық сын есімдердің астын түзу, қатыстық сын есімдердің астын ирек сызықпен сызып, сөйлем құрастырыңыздар.

Қызыл. Қызарыңқы. Аласа. Сулы. Кең. Таусыз. Қара. Сұрша. Тәтті. Ащы.

**4-тапсырма.** Мақалдардағы сын есімді тауып, мағынасын ажыратыңыздар.

Ұрысқақ болса, ұлың жау,

Керіскек болса, келін жау

\* \* \*

Айлалы батыр алдырмас.

\* \* \*

Ақылды кісі ісіне сенеді,

Ақымақ кісі күшіне сенеді.

**5-тапсырма.** Сын есімдерді мағынасына, құрамына қарай талдап, сөз тіркесін жасаңыздар.

Үркек, ұмытшақ, қызғаншақ, сүріншек, тізбелі, айтулы, тиімді, қонымды, шыдамды.

**6-тапсырма.** «Ана тілім – арың бұл» тақырыбына сын есімдер қатыстыра отырып, ойтолғау жазыңыздар.

**7-тапсырма.** Заттанған сын есімді тауып, мақал төңірегінде ойтолғау жазыңыздар.

Білімді мыңды жығады,

Білекті бірді жығады.

**8-тапсырма.** Сан есімдерді сөзбен жазып, құрамына қарай ажыратыңыздар.

3, 41, 68, 7, 5–6, 50–60, 4, 27, 9, 1000, 50, 70, 1597, 789, 15257, 4, 1, 5, 27, 20, 3.

**9-тапсырма.** «Өзім туралы» тақырыбында сан есімнің түрлерін қатыстырып әңгіме жазыңыздар.

**10-тапсырма.** Тәуелсіздік алған жылдан бастап осы кезге дейінгі еліміздегі елеулі оқиғаларды сан есімнің түрлерін қатыстыра отырып баяндаңыздар.

## V нұсқа

**1-тапсырма.** Берілген сан есімдерден реттік сан есім жасап, оларға сөйлем құрастырыңыздар.

7, 10, 1, 3, 00, 28, 2692, 2000, 2003.

**2-тапсырма.** Цифрмен берілген бөлшектік сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

$\frac{1}{2}$ ;  $-\frac{3}{4}$ ;  $\frac{1}{4}$ ;  $-\frac{11}{2}$ ;  $-\frac{5}{4}$ ; 12,5; 2,7

**3-тапсырма.** Жұмбақты шешіп, сан есімдерді мағыналық түріне қарап ажыратыңыздар.

Екі достың бірі ыңғайлы,

Біреуінің ебі жоқ.

Екеуін де бірдей көрем,

Маған артық, кемі жоқ.

**4-тапсырма.** «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында сан есімдерді қатыстыра отырып шағын ойтолғау жазыңыздар.

**5-тапсырма.** Мақалдарды оқып, сан есімдердің қай сөйлем мүшесі екенін айтыңыздар.

Екі сегіз – он алты.

\* \* \*

Екі жақсы ерікпес,

Екі жаман бірікпес.

\* \* \*

Үйде бір күн ұрыс болса,  
Қырық күн ырыс кетеді.

**6-тапсырма.** Өнер, білім жайлы есім сөздер қатысқан бес мақал жазыңыздар.

**7-тапсырма.** «Алматы – бас қала» тақырыбында сұрау есімдіктерін қатыстыра отырып, әңгіме жазыңыздар.

**8-тапсырма.** Есімдіктердің қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, есімдіктің қай түрі екенін айтып, сөйлем құрастырыңыздар.

Мен, біз, күллі, мынау, бірнешеу, бәрі, барша.

**9-тапсырма.** Төмендегі есімдіктерді мағынасына қарай қандай есімдік екенін және олардың қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыздар.

Әлдеқашан, кейбір, қайсібір, өзі, ол, сол.

**10-тапсырма.** Есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыздар.

Әрбір, әлдене, ешбір, әрқилы, әрдайым, тегіс.

## VI нұсқа

**1-тапсырма.** Жалпылау есімдігін табыңыздар.

Бір ғылымнан басқаның,

Бәрі де кесел асқанға...

\* \* \*

Бірінді, қазақ, бірің дос,

Көрмесең істің бәрі бос...

**2-тапсырма.** Төмендегі есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыздар.

Әлдеқалай, әлдекім, мына, әрбір, ешқашан, ешкім.

**3-тапсырма.** Төмендегі есімдіктер қай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын түсіндіріп, мағынасына қарай түрін ажыратып, сөйлем құрастырыңыздар.

Кейбіреу, әркім, ешқашан, неше түрлі, қанша.

**4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістікті қойып, мақалдарды толықтырыңыздар.

а) Еңбек еткен ... ,

Еңбексіз не ... .

ә) Ерте ексең, ерте ...

б) Досы көпті жау ...

**5-тапсырма.** Мақал-мәтелдерден есімше, көсемше түрлерін тауып, қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

Ақылды кісі азбайды,

Асыл бұйым тозбайды.

\* \* \*

Ақылды адам арын қорғайды,

Сараң адам малын қорғайды.

**6-тапсырма.** «*Ұлыстың ұлы күні*» тақырыбында тұйық етістіктерді қатыстырып, шағын шығарма жазыңыздар.

**7-тапсырма.** Мақалдан көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Ақылсыз адам айғайлай келеді,

Жан-жағын жайпай келеді.

Ақылды адам жай-жай келеді,

Жан-жағын байқай келеді.

**8-тапсырма.** Болымсыз етістіктер қатыстыра отырып, қазақтың тыйым сөздеріне мысалдар келтіріңіздер.

**9-тапсырма.** «*Білімді мыңды жығады*» тақырыбына күрделі сөздер (етістік) қатыстыра отырып, эссе жазыңыздар.

**10-тапсырма.** «Мен сүйетін басылым» тақырыбына жалқы есімдер қатыстыра отырып, шағын шығарма жазыңыздар.

## VII нұсқа

**1-тапсырма.** «*Елбасы – ел тірегі*» тақырыбында эссе жазып, етістіктерді құрамына, мағынасына қарап ажыратыңыздар.

**2-тапсырма.** Төмендегі болымды, болымсыз етістіктерді қатыстыра отырып, мәтін құрастырыңыздар.

Бар, кел, жүгір, қарама, өтірік сөйлем, ерсі күлме, орынсыз жүрме.

**3-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті етістіктерді қойып, мақалдарды толықтырыңыздар.

а) Тіл тас ...

Тас ..., бас ...

ә) Ер – бір ..., ез – мың ...

б) Өнерлі өрге ...

**4-тапсырма.** Үстеудің бес түріне бес сөйлем жазыңыздар.

**5-тапсырма.** Мына үстеулерге қарсы мәнді үстеулер тауып жазыңыздар.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда.

**6-тапсырма.** *Жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, ендігәрі* деген сөздерді қатыстырып, сөйлем ойлап, үстеулерді мағынасына, тұлғасына қарай талдаңыздар.

**7-тапсырма.** Төмендегі үстеулерді қатыстырып отырып, сөйлемдер жазыңыздар.

Жаздай, күзше, қыстай, осылай, басқаша, түлкіше, қасқырдай.

**8-тапсырма.** Төмендегі үстеулерге қарсы мәнді үстеулер жазып, қалған үшеуіне сөйлем құрастырыңыздар.

Ілгері. Жоғары. Бұрын. Әрі. Мұнда. Алға. Сыртқары. Ертеңгісін. Астыртын. Әрірек.

**9-тапсырма.** «*Білімнің қайнар көзі*» тақырыбына үстеудің мағыналық түрлерін қарастыра отырып, кітап жайлы шағын шығарма жазыңыздар.

**10-тапсырма.** Төмендегі өлең шумақтарынан еліктеу сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,  
Әдемі екі танау желбіреген.  
Елендеп жас балаша жалтаңдайды,  
Жел түрткен жусаннан да селдіреген.

### **VIII нұсқа**

**1-тапсырма.** «Астана – арман қала» тақырыбына еліктеу сөздерді қатыстыра отырып, әңгіме жазыңыздар.

**2-тапсырма.** Еліктеу сөздерді тауып, олардың қандай мағына білдіріп тұрғанын түсіндіріңіздер.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сілкісе, қар жауып мазанды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

**3-тапсырма.** Өзіңнің туып-өскен ортаң, оның табиғаты жайында одағай сөздер қатыстыра отырып, әңгімелеңіздер.

**4-тапсырма.** Одағай сөздерді тауып, олардың қай мағынада айтылып тұрғанын түсіндіріңіздер.

1. Ойпырмай, мынау бір керемет қой!
2. Айпырмай, докторлар жаңылып жүрмесін.
3. Ойпырай, жемістің қаттысын-ай!
4. Күшті-ақ екен жарықтық! Пар келмесе бұған қара нар!

**5-тапсырма.** *Да, де, та, те* шылауларын қатыстыра отырып, сөйлем құрастырыңыздар.

**6-тапсырма.** «Тіл – тарихи құбылыс» тақырыбына демеулік шылаулар қатыстыра отырып, шығарма жазыңыздар.

**7-тапсырма.** Сілтеу есімдігіне мысал келтіріңіздер.

**8-тапсырма.** Сын есімнің шырайларын қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

**9-тапсырма.** «Мамандығым-мақтанышым» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

**10-тапсырма.** Реттік сан есімдерді пайдаланып, «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбына мәтін құрастырыңыздар.

### **Тестік тапсырмалар**

**1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды табыңыз.**

- A) Б, В, Г, Ж.
- B) Б, Г, К, Қ.
- C) Ғ, Қ, Ң, Һ.
- D) Р, С, Ж, З.

Е) К, Қ, З, Т.

**2. Сан есімді тіркесті табыңыз.**

- А) Қызық кітап.
- В) Жақсы оқушы.
- С) Он екі студент.
- Д) Үлкен үй.
- Е) Ашық есік.

**3. Қатаңнан басталып, қатаңнан аяқталған сөзді табыңыз.**

- А) Арман.
- В) Қайрат.
- С) Жел.
- Д) Гүл.
- Е) Жаз.

**4. Көмектес септігіндегі сөзді табыңыз.**

- А) Ақылмен.
- В) Айгүлді.
- С) Әжеме.
- Д) Ауылдан.
- Е) Үйге.

**5. Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойыңыз.**

Мен...ң ..н..м биыл университетке барады.

- А) Ы.
- В) О.
- С) Е.
- Д) І.
- Е) А.

**6. Апта күндерін ретімен көрсетіңіз.**

- А) Бейсенбі, сейсенбі, жұма, сенбі, дүйсенбі, сәрсенбі, жексенбі.
- В) Дүйсенбі, бейсенбі, жұма, сәрсенбі, сейсенбі, сенбі, жексенбі.
- С) Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.
- Д) Жексенбі, сенбі, жұма, бейсенбі, сейсенбі, дүйсенбі, сәрсенбі.
- Е) Жексенбі, дүйсенбі, сенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сейсенбі.

**7. Тұйық етістікті табыңыз.**

- А) Барды.
- В) Келген.
- С) Айтады.
- Д) Оқу.
- Е) Жүр.

**8. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.**

- А) Үлкенге.
- В) Кітабым.
- С) Үйлер.
- Д) Өзіміз.
- Е) Күзде.

**9. Жаз айларын көрсетіңіз.**

- A) Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- B) Маусым, шілде, тамыз.
- C) Наурыз, сәуір, мамыр.
- D) Қыркүйек, қазан, қараша.
- E) Тамыз, қыркүйек, қазан.

**10. Жіктеу есімдіктерін көрсетіңіз.**

- A) Өз, өзіме.
- B) Бұл, осы.
- C) Мен, сен.
- D) Кім, не.
- E) Әркім, әрқашан.

**11. Болымсыз етістіктерді табыңыз.**

- A) Барар, жүрер.
- B) Күт, шық.
- C) Айтпа, жазба.
- D) Күледі, сөйлейді.
- E) Оқыған, білген.

**12. Табыс септігіндегі сөзді табыңыз.**

- A) Ауылға.
- B) Ауылды.
- C) Ауылда.
- D) Ауылмен.
- E) Ауылдан.

**13. Амандасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?**

- A) Жолыңыз болсын!
- B) Сәлеметсіз бе?
- C) Қош болыңыз!
- D) Жақсылық тілейміз!
- E) Қайырлы таң!

**14. Етістіктің өткен шақ түрін табыңыз.**

- A) Көмектесті.
- B) Көмектесер.
- C) Көмектеседі.
- D) Көмектеспекші.
- E) Көмектес.

**15. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.**

Әсия ... жақсы айтады.

- A) Биді.
- B) Күйді.
- C) Сөзді.
- D) Әнді.
- E) Өлеңді.

**16. Реттік сан есімді табыңыз.**

- A) Бесеу.
- B) Екі.



- C) Төртінші.
- D) Он-ондап.
- E) Үштен бір.

**17. Жіктік жалғаулы сөзді табыңыз.**

- A) Мен студентпін.
- B) Әжемнің әңгімесі.
- C) Он бес үй.
- D) Келген балалар.
- E) Озат оқушы.

**18. Құрамында сын есім бар сөйлемді табыңыз.**

- A) Ол жұмыстан келді.
- B) Бұл – біздің үй.
- C) Кітапты кітапханадан алдым.
- D) Маржан қызыл көйлек киді.
- E) Әкем ауылда тұрады.

**19. Өздік етісті табыңыз.**

- A) Асқар жуынды.
- B) Үй жиналды.
- C) Мұрат Айгүлді шақыртты.
- D) Қонақтар ұзақ әңгімелесті.
- E) Сен ертең кел.

**20. Қоштасу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?**

- A) Аман-есенсіз бе?
- B) Қош келдіңіз!
- C) Қайырлы күн!
- D) Сау болыңыз!
- E) Сәлеметсіз бе?

**21. Етістікті табыңыз.**

- A) Адам.
- B) Әрқашан.
- C) Барады.
- D) Екі.
- E) Қызыл.

**22. Қалау райлы сөйлемді табыңыз.**

- A) Мен барайын.
- B) Менің барғым келіп тұр.
- C) Ол ертең барады.
- D) Мен барсам.
- E) Мен кеше бардым.

**23. Күрделі етістікті табыңыз.**

- A) Жазды.
- B) Айт.
- C) Оқып отыр.
- D) Сөйлеймін.
- E) Біледі.

- 24. Мезгіл үстеуді табыңыз.**  
А) Жоғары.  
В) Әдейі.  
С) Ертең.  
D) Балаша.  
E) Тез.
- 25. Дұрыс сөйлемді табыңыз.**  
А) Мен оқып отырмын кітап.  
В) Мен кітап оқып отырмын.  
С) Кітап мен оқып отырмын.  
D) Оқып отырмын мен кітап.  
E) Кітап оқып отырмын мен.
- 26. Көсемшені табыңыз.**  
А) Сұраған.  
В) Білер.  
С) Күлетін.  
D) Келгелі.  
E) Айтты.
- 27. Есімшені табыңыз.**  
А) Айтқан.  
В) Оқығалы.  
С) Отырып.  
D) Келе жатыр.  
E) Барды.
- 28. Одағайы бар сөйлемді табыңыз.**  
А) Балам, ойымды дұрыс таптың.  
В) Мынау не деп тұр?  
С) Уа, шіркін, ән деп осыны айт!  
D) Олар кетіп қалды.  
E) Алматы - әсем қала.
- 29. Өзгелік етісті табыңыз.**  
А) Киілді.  
В) Кидірді.  
С) Киінді.  
D) Киісті.  
E) Киді.
- 30. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойыңыз.**  
Сіз ... сөйлей аласыз ба?  
А) Жоғары.  
В) Әдейі.  
С) Былтыр.  
D) Қазақша.  
E) Үлкен.
- 31. Хабарлы сөйлемді табыңыз.**  
А) Олар сабаққа дайындалып жүр.

- В) Сіз неге сөйлемей отырсыз?
- С) Кітапты ал.
- Д) Күн қандай ыстық!
- Е) Сіз жауап беріңіз.

**32. Құрмалас сөйлемді табыңыз.**

- А) Жаңбыр жауып тұр.
- В) Қар еріді.
- С) Қар жауып, күн суытты.
- Д) Ол Шымкенттен ертең келеді.
- Е) Бүгін – үлкен мереке.

**33. Зат есімді табыңыз.**

- А) Көк.
- В) Тұр.
- С) Биыл.
- Д) Алтын.
- Е) Мен.

**34. Көп нүктенің орнына қай сөзді қоямыз?**

... би билейді.

- А) Әнші.
- В) Күйші.
- С) Биші.
- Д) Ақын.
- Е) Сазгер.

**35. Сын есімді табыңыз.**

- А) Биік.
- В) Қыс.
- С) Бес.
- Д) Отыр.
- Е) Бақыт.

**36. Шылауы бар сөйлемді табыңыз.**

- А) Ол кітап және журнал сатып алды.
- В) Мұрат үйде жоқ екен.
- С) Атам ерте тұрды.
- Д) Қыс келді.
- Е) Студенттер институтқа келді.

**37. Танысу ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?**

- А) Сен қайда тұрасың?
- В) Сенің атың кім?
- С) Сен қайда оқисың?
- Д) Сен қанша жастасың?
- Е) Кіруге рұқсат па?

**38. Қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыз.**

- А) Б, В, Г, Ғ.
- В) К, Д, Ж, З.
- С) Р, Л, М, Н.

D) П, Т, С, Ш.

E) Қ, К, П, Б.

**39. Құттықтау үшін қолданылатын сөйлемді табыңыз.**

A) Кездескенше.

B) Қайырлы кеш!

C) Мерекеніз құтты болсын!

D) Сау болыңыз!

E) Аман-есенсіз бе?

**40. Жыл мезгілдерін білдіретін сөздерді табыңыз.**

A) Жұма, сенбі, жексенбі.

B) Түн, кеш, түс.

C) Көктем, жаз, күз, қыс.

D) Бүгін, кеше, ертең.

E) Күндіз, түнде.

**41. Жуан дауысты дыбыстарды табыңыз.**

A) А, Ә, Ы, І.

B) О, Е, Ұ, Ы.

C) И, Е, О, Э.

D) А, О, Ы, Ұ.

E) Е, Ә, О, Ө.

**42. Алғыс ұғымы қай қатарда дұрыс көрсетілген?**

A) Мен сізді ұнатамын.

B) Кіріңіз.

C) Сізге көп рақмет!

D) Асыңыз дәмді болсын!

E) Қайырлы түн!

**43. Күрделі сан есімді табыңыз.**

A) Жеті.

B) Қырықтарда.

C) Жеті жүз алпыс.

D) Бесеу.

E) Алтыншы.

**44. Күз айларын табыңыз.**

A) Желтоқсан, сәуір, мамыр.

B) Қараша, желтоқсан, ақпан.

C) Қазан, қараша, қаңтар.

D) Қыркүйек, қазан, қараша.

E) Қаңтар, ақпан, наурыз.

**45. Жинақтау сан есімді табыңыз.**

A) Он жеті.

B) Үшеу.

C) Алтыншы.

D) Сексен.

E) Қырық жеті.

**46. Сөйлемдегі бастауыштың қай сөз табынан екенін көрсетіңіз.**

Ажар – әдемі қыз.

- A) Үстеу.
- B) Етістік.
- C) Зат есім.
- D) Одағай.
- E) Сын есім.

47. **Қате жазылған сөзді табыңыз.**

- A) Қытап.
- B) Әдемі.
- C) Қып-қызыл.
- D) Бала.
- E) Құлын.

48. **«Жеңіс» сөзінің аудармасын табыңыз.**

- A) Город.
- B) Победа.
- C) Предмет.
- D) Книга.
- E) Школа.

49. **Жіңішке дауысты дыбысты табыңыз.**

- A) Ә, Ө, І, Е.
- B) А, Ә, Ө, Е.
- C) Ұ, Ү, У, Ы.
- D) Ы, І, И, У.
- E) І, Е, Ұ, Ы.

50. **Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз.**

- A) Жеті күн.
- B) Көк базар.
- C) Біздің үйіміз.
- D) Ол – оқушы.
- E) Күміс қасық.

51. **Қате жазылған сөзді табыңыз.**

- A) Қонақ.
- B) Тоғыз.
- C) Оқуші.
- D) Ғылым.
- E) Еңбек.

52. **Қазақ тілінде жалғау нешеге бөлінеді?**

- A) 4.
- B) 5.
- C) 2.
- D) 7.
- E) 3.

53. **Зат есімнің сұрақтарын көрсетіңіз.**

- A) Қандай?
- B) Кім? Не?

- C) Нешінші?
- D) Қашан?
- E) Не істеді?

**54. Ілік септігіндегі сөзді табыңыз.**

- A) Асқарда.
- B) Асқармен.
- C) Асқардан.
- D) Асқардың.
- E) Асқарға.

**55. Көп нүктенің орнына қойылатын септік жалғауын табыңыз.**

Ағам отыз...толды.

- A)- дың.
- B)- дан.
- C)- ға.
- D)- ды.
- E)- бен.

**56. Қазақ тіліндегі септік жалғауының санын көрсетіңіз.**

- A) 5.
- B) 3.
- C) 7.
- D) 9.
- E) 2.

**57. Салыстырмалы шырайды табыңыз.**

- A) Сап-сары.
- B) Сарырақ.
- C) Сары.
- D) Тым сары.
- E) Өте сары.

**58. Көп нүктенің орнына қажет сын есімді қойыңыз.**

Қарбыздың түсі... болады.

- A) Ақ.
- B) Тәтті.
- C) Ұзын.
- D) Жасыл.
- E) Қою.

**59. Сұрау есімдігін табыңыз.**

- A) Мен, сен.
- B) Қанша? Неше?
- C) Анау, осы.
- D) Өзім.
- E) Әрқашан.

**60. Туынды етістікті табыңыз.**

- A) Ақылдас.
- B) Айт.
- C) Оқып отыр.

D) Сұрады.

E) Барған.

**61. Келер шақ етістікті табыңыз.**

A) Олар келді.

B) Мен келемін.

C) Ол келе жатыр.

D) Сендер келгенсіңдер.

E) Ол келіпті.

**62. Қате жазылған сөзді табыңыз.**

A) Адалдық.

B) Дәптер.

C) Жылқы.

D) Аспан.

E) Онер.

**63. Мезгіл үстеуін табыңыз.**

A) Қазір.

B) Төмен.

C) Амалсыздан.

D) Балаша.

E) Әрең.

**64. Көп нүктенің орнына қойылатын үстеуді табыңыз.**

Самолет ... ұшып барады.

A) Бүгін.

B) Біраз.

C) Асыға.

D) Жоғары.

E) Кейін.

**65. Шылауды табыңыз.**

A) Және.

B) Сонау.

C) Екі.

D) Көк.

E) Аласа.

**66. Сұраулы сөйлемді табыңыз.**

A) Кеш жарық!

B) Бүгін мен үйде боламын.

C) Үйге кірген Асан ба?

D) Кітабынды берші.

E) Ақтөбе – үлкен қала.

**67. Қазақ тіліндегі сөз таптарының санын табыңыз.**

A) 5.

B) 3.

C) 9.

D) 7.

E) 4.

- 68. Сөйлемдегі сын есімді табыңыз.**  
Қыста адамдар жылы киім киеді.  
А) Киім.  
В) Қыста.  
С) Жылы.  
D) Адамдар.  
E) Киеді.
- 69. Кұрмалас сөйлемді табыңыз.**  
А) Жел тұрды.  
В) Олар өлең айтты, біз би биледік.  
С) Машина қозғалды.  
D) Ол бесінші қабатта тұрады.  
E) Бүгін – мереке.
- 70. Хабарлы сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісін табыңыз.**  
А) Сұрақ белгісі.  
В) Леп белгісі.  
С) Нүкте.  
D) Көп нүкте.  
E) Үтір.
- 71. Қаратпа сөзді сөйлемді табыңыз.**  
А) Марат сабағын орындады.  
В) Омар хат жазып отыр.  
С) Меніңше, ол бүгін жақсы сөйледі.  
D) Тоқта, балам, көмектесіп жібер.  
E) Сен жұмысыңды бітір.
- 72. Ортақ етісті табыңыз.**  
А) Жинасты.  
В) Барғызды.  
С) Барды.  
D) Жиналды.  
E) Жинатты.
- 73. Көптік жалғаулы сөзді табыңыз.**  
А) Ақынға.  
В) Қыздар.  
С) Кітабым.  
D) Дәрігермен.  
E) Оқушымын.
- 74. Сөйлемдегі баяндауышты табыңыз.**  
Жастар ауылда еңбекке ерте үйренеді.  
А) Ерте.  
В) Ауылда.  
С) Үйренеді.  
D) Еңбекке.  
E) Жастар.
- 75. «Сәбіз» сөзінің аудармасын табыңыз.**



- A) Огурец.
- B) Лук.
- C) Арбуз.
- D) Морковь.
- E) Чеснок.

**76. Қате жазылған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Күз.
- B) Шие.
- C) Уақыт.
- D) Әке.
- E) Достық.

**77. Бұйрық райды табыңыз.**

- A) Асан сабақ оқыды.
- B) Мен айтсам.
- C) Сен кешікпей кел.
- D) Сені көргім келеді.
- E) Олар ағаш отырғызды.

**78. Көп нүктенің орнына қойылатын жіктік жалғауын табыңыз.**

Мен әнші ...

- A) – сің.
- B) – міз.
- C) – сіз.
- D) – мін.
- E) – сың.

**79. Көп нүктенің орнына қойылатын сөзді табыңыз.**

Ол ... құттықтады.

- A) Маған.
- B) Менің.
- C) Менімен.
- D) Мені.
- E) Менен.

**80. Өткен шақ етістікті табыңыз.**

- A) Көремін.
- B) Көріп отырмын.
- C) Көргенмін.
- D) Көрмекшімін.
- E) Көрермін.

**81. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз.**

- A) Мектепте.
- B) Мектеппен.
- C) Мектепке.
- D) Мектептің.
- E) Мектептен.

**82. Көп нүктенің орнына қойылатын есімдікті табыңыз.**

... оқуға барамын.

- A) Сен.
- B) Ол.
- C) Мен.
- D) Біз.
- E) Сіз.

**83. Дұрыс байланысқан сөйлемді табыңыз.**

- A) Олар кино ертең көретін болды.
- B) Кино олар ертең көретін болды.
- C) Кино ертең олар көретін болды.
- D) Олар ертең кино көретін болды.
- E) Ертең кино олар көретін болды.

**84. Көп нүктенің орнына қойылатын септік жалғауын табыңыз.**

Мен қалам ... жазамын.

- A) – ға.
- B) – ды.
- C) – мен.
- D) – ның.
- E) – да.

**85. Осы шақ етістікті табыңыз.**

- A) Ол тындады.
- B) Ол тыңдап отыр.
- C) Ол тыңдар.
- D) Ол тындамақ.
- E) Ол тындаған.

**86. Көп нүктенің орнына қойылатын сөзді табыңыз.**

Мен ... жеп отырмын.

- A) Сүт.
- B) Ет.
- C) Айран.
- D) Қымыз.
- E) Шұбат.

**87. Зат есім жасайтын жұрнақты табыңыз.**

- A) – шы.
- B) – лы.
- C) – дай.
- D) – гіш.
- E) – ар.

**88. Тәуелдік жалғаулы тіркесті табыңыз.**

- A) Бес кітап.
- B) Көңілді балалар.
- C) Менің әжем.
- D) Ол – әнші.
- E) Тауға шығу.

**89. Бір жылда неше ай бар?**

- A) 10.

- B) 5.
- C) 2.
- D) 12.
- E) 7.

**90. Сөйлемдегі көмекші есімді табыңыз.**

Біз ертең қаланың сыртына шығамыз.

- A) Ертең.
- B) Сыртына.
- C) Қаланың.
- D) Шығамыз.
- E) Біз.

**91. Сөйлемдегі көмекші етістікті табыңыз.**

Сен бізге жиі келіп тұр.

- A) Бізге.
- B) Тұр.
- C) Жиі.
- D) Сен.
- E) Келіп.

**92. Туынды етістікті табыңыз.**

- A) Оқы.
- B) Қоштас.
- C) Отыр.
- D) Бол.
- E) Жазды.

**93. Шылауды табыңыз.**

- A) Жаңа.
- B) Кеше.
- C) Туралы.
- D) Орамал.
- E) Терең.

**94. Сөйлемдегі көсемшені табыңыз.**

Баласы әкесіне хат жазып отыр.

- A) Отыр.
- B) Баласы.
- C) Жазып.
- D) Хат.
- E) Әкесіне.

**95. Сөйлемдер құрылысына қарай нешеге бөлінеді?**

- A) 4.
- B) 2.
- C) 3.
- D) 5.
- E) 6.

**96. «Өнерпаз» сөзіндегі жіңішке дауысты дыбыстардың санын көрсетіңіз.**

- A) 2.

- B) 5.
- C) 4.
- D) 3.
- E) 1.

**97. Қазақстанның астанасын көрсетіңіз.**

- A) Алматы.
- B) Астана.
- C) Қарағанды.
- D) Қызылорда.
- E) Ақтөбе.

**98. Қате жазылған сөзді табыңыз.**

- A) Қазақ.
- B) Ғылым.
- C) Жұмыс.
- D) Ұшқыш.
- E) Күс.

**99. 9 мамыр – қандай мереке?**

- A) Жаңа жыл.
- B) Білім күні .
- C) Наурыз мейрамы.
- D) Жеңіс күні.
- E) Республика күні.

**100. Сөйлемдегі есімдікті табыңыз.**

Ыстық күнде салқын қымыз қандай тамаша!

- A) Күнде.
- B) Қымыз.
- C) Тамаша.
- D) Салқын.
- E) Қандай.

**101. Жіктеу есімдіктерінің ілік және барыс септік тұлғаларындағы дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.**

- A) Менің, сенің, менге, сенге.
- B) Менің, сенің, маған, саған.
- C) Менінің, сенінің, меніге.
- D) Менденің, сенденің, мендеге.
- E) Менденің, сендегі, сенге.

**102. Тәуелдік жалғаулы сөзді анықтап, сөйлемді толықтыр.**

Менің ... Аманжол.

- A) Аты.
- B) Атыңыз.
- C) Атым.
- D) Атың.
- E) Атымыз.

**103. Жіктік жалғауының II жағғы (жекеше, сыпайы түрі) жалғанған нұсқаны анықтаңыз.**

- A) Бастықтармыз, әріптестерміз.
- B) Бастықсыз, әріптессіз.
- C) Бастықсың, әріптессің.
- D) Бастықпын, әріптеспін.
- E) Бастықты, әріптесті.

**104. Сөздердің қай нұсқасының емлесі дұрыс?**

- A) Жұмысға, баспақа, министрлікқа.
- B) Жұмысыға, баспақа, министрлігқа.
- C) Жұмысқа, баспаға, министрлікке.
- D) Жұмысқа, баспаге, министрлікне.
- E) Жұмысқа, баспақа, министрліке.

**105. «Простите, пожалуйста» ұғымына сәйкес келетін нұсқаны анықтаңыз.**

- A) Кешіріңізші.
- B) Кешір.
- C) Кешірсін.
- D) Кешіріңдер.
- E) Кешірші.

**106. Берілген нұсқаның қайсысы дұрыс?**

- A) Танысқаным өте қуаныштымың.
- B) Танысқаным өте қуаныштымын.
- C) Танысқаным өте қуаныштымыз.
- D) Танысқаным өте қуанышты.
- E) Танысқаным өте қуаныштымын.

**107. Барыс және шығыс септік жалғанған дұрыс нұсқаны белгілеңіз.**

- A) Жиналысты, төртінші қабатты, сағат екіні.
- B) Жиналыстың, төртінші қабатты, сағат екінің.
- C) Жиналысқа, төртінші қабаттан, сағат екіден.
- D) Жиналыстар, төртінші қабатта, сағат екіде.
- E) Жиналысты, төртінші қабаты, сағат екіге.

**108. Уақыт – 10.25. Сөзбен жазылған нұсқалардың дұрысын анықтаңыз.**

- A) Он және 25 минут.
- B) Сағат оннан жиырма бес минут кетті.
- C) Он бірге қарай 25 минут бар.
- D) Он жарым.
- E) 25 минутсыз он.

**109. Ілік септігінде тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Балаға.
- B) Баланы.
- C) Балада.
- D) Баланың.
- E) Баласы.

**110. Сіздің жұмыс орныңыз қайда орналасқан?**

- A) Астанаға.
- B) Астанада.

- C) Астанадан.
- D) Астананың.
- E) Астанамен.

**111. Тәуелдік жалғауының I жақта келген түрін көрсетіңіз.**

- A) Дәптері.
- B) Дәптерді.
- C) Дәптердің.
- D) Дәптерім.
- E) Дәптер.

**112. «Мамандық» ұғымына сәйкес келетін сөздерді белгілеңіз.**

- A) Даңғыл, көше, Астана.
- B) Орналасқан, айтыңызшы, тыңдаушы.
- C) Баспа, министрлік, әкімшілік.
- D) Бағдарламашы, үйлестіруші, дәрігер.
- E) Алматы, математик, емші.

**113. Сұраулы сөйлемнің қайсысы дұрыс?**

- A) Сіз мәжілісте сөйлейсіз бе?
- B) Сіз мәжілісте сөйлеген бе?
- C) Сіз мәжілісте сөйлейді ме?
- D) Сіз мәжілісте сөйлейінші ме?
- E) Сіз мәжілісте сөйлейсіз ба?

**114. Төмендегі сөздердің қайсысында фонетикалық заңдылық сақталған?**

Дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.

- A) Денсаулықыңыз, бастықы, мамандықымыз.
- B) Денсаулықыңыз, бастықым, мамандықымыз.
- C) Денсаулығыңыз, бастығы, мамандығымыз.
- D) Денсаулыққа, бастығқа, мамандығқа.
- E) Денсаулықы, бастыққы, мамандықғы.

**115. «Внеочередной отпуск » тіркесінің дұрыс баламасын көрсетіңіз.**

- A) Кезексіз демалыс.
- B) Кезектен тыс демалыс.
- C) Мерзімсіз демалыс.
- D) Уақытша демалыс.
- E) Кезекті демалыс.

**116. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөзді көрсетіңіз.**

- A) Майбасар.
- B) Ашуланшақ.
- C) Көрікті.
- D) Ешқашан.
- E) Жуынды.

**117. Берілген қатарлардың қайсысында көмекші есімдер көрсетілген?**

- A) Жұмыс орны, жұмыс уақыты.
- B) Біріншіден, екіншіден.
- C) Алдында, ортасында, үстінде.
- D) Қай жерде, қай уақытта.

Е) Жұмысқа бару, жұмыстан келу.

**118. Сұраулы сөйлем қалай жасалады?**

А) Сөз арқылы.

В) Етістіктер арқылы.

С) Сұрау есімдіктері арқылы.

Д) Жалғаулар арқылы.

Е) Сұраулық жалғаулар арқылы.

**119. Қате жазылған сөзді табыңыз.**

А) Айдана.

В) Өнерпаз.

С) Даурен.

Д) Кітап.

Е) Бөдене.

**120. Белгісіздік есімдіктерін көрсетіңіз.**

А) Мен, сен, сіз, біз, олар, біздер, сіздер.

В) Өзім, өзің, өзіңіз, өзгелер, өзі, өздері.

С) Ол, сол, осы, мынау, бұл.

Д) Ешкім, ешбір, ештеме, дәнеме.

Е) Кейбіреу, әлдеқашан, әркім, біреу.

**121. Заттық ұғымның атауы болатын сөзді табыңыз.**

А) Мен, анау.

В) Он, жетеу.

С) Сарт-сұрт.

Д) Көз, көрік.

Е) Біз, сіз.

**122. Көптік жалғауы жалғанған сөзді табыңыз.**

А) Сенің шашың.

В) Біз жидек тердік.

С) Бақыт жолында.

Д) Гүлдер.

Е) Сенің көңілің.

**123. Уақытты, мерзімді көрсететін сөздер қай қатарда дұрыс, белгілі бір ретпен көрсетілген?**

А) Түсте, кешке, таңертең, кешке қарай, түстен кейін.

В) Таңертең, түсте, түстен кейін, кешке қарай, кешке.

С) Түстен кейін, кешке қарай, кешке, түсте, таңертең.

Д) Кешке, түстен кейін, түсте, ертеңгісін, таңертең.

Е) Таңертең, түсте, кешке, кешке қарай, ертең.

**124. Болымсыздық есімдігін табыңыз.**

А) Кейбіреу, әлдеқашан.

В) Мен, біз, сен.

С) Ешкім, дәнеме.

Д) Осы, сонау.

Е) Өзім, өзіңіз, өзіңе.

**125. Барыс септігінде тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Өзіңе.
- B) Өзі.
- C) Өзіңді.
- D) Өзінде.
- E) Өзіңмен.

**126. Бірыңғай дауысты дыбысты табыңыз.**

- A) А, С, Г, Д, Б.
- B) А, В, И, Е, Ы.
- C) А, Е, И, І, Ы.
- D) С, А, Д, Е, І.
- E) А, В, Ә, С, Е.

**127. Осы шақта тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Оқыған.
- B) Оқымақ.
- C) Оқыды.
- D) Оқып отыр.
- E) Оқырсың.

**128. Бұйрықты сөйлем қандай мағынада қолданылады?**

- A) Талап ету.
- B) Сұрау.
- C) Хабарлау.
- D) Жалыныш.
- E) Көңіл-күй білдіру.

**129. Тәуелдік жалғауының II жағында тұрған сөзді табыңыз.**

- A) Қалаларыңызда.
- B) Үйіміздегі.
- C) Дәрігерсіңдер.
- D) Арманым.
- E) Ұлттары.

**130. Дауыссыз дыбыстарды көрсетіңіз.**

- A) Ж, М, Ш, Д, О.
- B) М, А, Д, Б, И.
- C) К, Л, Ң, Е, И.
- D) К, Қ, С, Б, Л, М.
- E) А, Ж, С, О, Е.

**131. Сөз тіркесінің қайсысы дұрыс?**

- A) Қуаныш бастықтың қабылдауында отыр.
- B) Бастықтың отыр Қуаныш қабылдауында.
- C) Қуаныш қабылдауында отыр бастықтың.
- D) Қуаныш бастықтың қабылдау отыр.
- E) Қуаныш бастықтың қабылдап отыр.

**132. Сөздердің қай емлесі дұрыс?**

- A) Өмірбайан, жеке – іс парағы.
- B) Өмір – баян, жеке іс парақ.
- C) Өмірбаян, жеке іс парағы.



D) Өмір баяны, жеке іс – парақ.

E) Өмірбаяны, жеке іспарақ.

**133. Сіз мекемеде жұмыс істейсіз. Бастығыңызға шақырухат жіберу үшін төмендегі қаратпа сөздің қайсысын пайдаланар едіңіз?**

A) Жоғары мәртебелі.

B) Құрметті.

C) Жолдас.

D) Аяулы.

E) Қадірлі.

